

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

"Реттік санауды ажырату"ЖАРИЯЛАНДЫ
10.05.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/120289/>**Білім беру саласы:** «Таным»**Бөлімі:** Математика негіздері**Тақырыбы:** «Реттік санауды ажырата білу»

Мақсаты: Сандық және реттік санауды ажырата біледі. «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап бере алады. Геометриялық фигураларды тауып ажырата алады.

Ресурстар: 1-5ке дейінгі сандар**Кіріспе**

Шаттық шеңбері

Қуанамын менде

Қуанасың сенде

Қуанайық достарым

Жарқыраған күнге

Сәлембердік көк аспан

Сәлембердік Жер Ана

Сәлембердік апайлар

Сәлембердік достарым!

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме балалар! Көңіл-күйлерің қалай? Бүгінгі ҰОҚ өте көңілді өтеді деген ойдамын. Ендеше жыл мезгілін сұрайын. Көктем мезгілі неше айдан тұрады.

Балалар: 3 ай (наурыз,сәуір,мамыр)

Тәрбиеші: өте жақсы жарайсыңдар!

Мысалы балалар көктем айының ерекшеліктерін атап өтейікші. Ауа-райы қалай не өзгерістер бар. Далада көктем мезгілінде нелер ұшып келеді?

Балалар: қар еріп, жер балшық күн жылынып құстар ұшып келеді

Тәрбиеші: балалар тақтаға қарайықшы не тұр екен?

Балалар: көбелек

Тәрбиеші: ия дұрыс айтасыңдар. Сол көбелектің неше қанаты бар.

Балалар. 4 қанаты 1 денесі бар.

ПЖО: «Көбелек»

Шарты: көбелек қанатында жасырылған сандарды тауып ретімен орналастыру. **(4 к моделі, сыни ойлау)**

Реттік санаудың сұрақтары «қанша?», «нешінші?» болады.

II ойын құрылымдалған ойын «Есте сақта!»

Шарты: көптеген қызықты көрнекіліктерді ортаға тастап, балалар өздері ретімен санап қойып шығады. **«креативтілік 4К моделі»**

Тәрбиеші: енді сәл серігіп алайық

Бас бармағым-атам

Балаң үйрек-әжем,

Ортан түйрек-әкем

Шылдыр шүмек -анам

Кішкентай бөбек-мен

Жарайсыңдар біз 5 саусағымызды атын атап ретімен санап шықтық

III ойын Еркін ойын «Қобдиша»

Балалар шеңбермен тұрады. Қорпашаны лақтыру арқылы шыққан санды атап сол сан бойынша шапалақ соғады.

Тәрбиеші: Балалар сонымен бүгін ҰОҚ-де реттік санауды үйрендік.Жарайсыңдар! Мадақтау.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.